

## **2020 жылғы Оқу жетістіктерін сырттай бағалауға дайындық**

Орта білімдегі оқу жетістіктерін сырттай бағалауға (ОБ ОЖСБ) дайындық үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің оқу үрдісінде пайдалануға ұсынған оқулықтар мен пәндер бойынша тест спецификацияларын негізге алу керек.

**Тест спецификациясы** – бұл тесттің жалпы сипаттамасы, тапсырманың саны мен мазмұны, белгіленген емтихан үшін нақты пән бойынша тестілеудің уақыты сипатталған құжат.

Тест спецификациясы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу бағдарламасына сай әзірленеді.

Спецификация Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен оқу бағдарламасының, емтихандар форматының өзгеруіне байланысты жаңартылады.

### **4-сынып оқушыларына арналған тест құрылымы:**

- уәкілетті орган айқындайтын 2 пән бойынша жүргізіледі;
- әр пән бойынша пәндік білімі мен соған байланысты дағдыларын тексеру үшін 15 тест тапсырмасы;
- тест тапсырмасының формасы: бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар;
- тестілеу уақыты 75 минут;
- максималды балл – 30 балды құрайды.

### **9-сынып оқушыларына арналған тест құрылымы:**

- Қазақ тілі (міндетті) – 15 тест тапсырмасы бір дұрыс жауапты анықтауға арналған: мәтінді тыңдауға арналған 5 тест тапсырмасы, оқу сауаттылығын бағалау үшін 5 тест тапсырмасы, тілдік білім деңгейін анықтау үшін 5 тест тапсырмасы;
- уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер;
- әр пән бойынша 15 тест тапсырмасы: бір жауапты анықтауға арналған, оның ішінде контекске арналған 10 тест тапсырмасы, 5 тапсырма бір немесе бірнеше дұрыс жауапты анықтауға арналған;
- тестілеу уақыты 75 минут;
- тест тапсырмаларының саны – 60;
- максималды балл – 75 балды құрайды.

### **11-сынып оқушыларына арналған тест құрылымы:**

- уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін 3 пән;
- 1 пән – бір дұрыс жауапты анықтауға арналған 20 тапсырма;
- 2-3 - пәндер – 30 тест тапсырмасынан тұрады: бір дұрыс жауапты анықтауға арналған 20 тапсырма, бір немесе бірнеше жауапты анықтауға арналған 10 тест тапсырмасы.
- тестілеу уақыты 140 минут;
- тест тапсырмаларының саны – 80;
- максималды балл – 100 балды құрайды.